




**Егемен Қазақстан**

## **Көне тарих сүрлеуі Сырда жатыр**

«Egemen Qazaqstan» және «Казахстанская правда» газеттерінің «Атамекен» ақпараттық-танымдық экспедициясы Сыр бойына келіп жетті. Тарих тәбәрігін түгендеуге арналған сапарымыз дүние тылсымын қоғызы сарынынан іздеген түгел түркігे ортақ тұлға Қорқыт ата жатқан топырақтан басталды. Экспедиция құрамында облыстық ішкі саясат бөлімінің мамандары, «Сыр бойы» газеті, «Qyzylorda» телеарнасының тілшілері болды. Әр нысанда аудандардағы жергілікті өлкетанушылар мен тарихшылар қатарымызды толықтырып отырды.



**Желмаясын желдіріп, жаһан кезген**

Сыр бойында өзі іздеген мәңгілік өмір мәнін өлмес өнерден тапқан Қорқыт баба жайлы аңыз, әфсана көп. Сонау ерте заманнан керуен тартып бүгінге жеткен бағзы мұра – жыраулық өнер бастауын осы қоғызы атасынан алады.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші бөлігінде Сырдария қазақтарының өмірінен этнографиялық материалдар жинаған белгілі ғалым Әбубәкір Диваев дария суы шайып, жойылуға айналған Қорқыт мазарын алғаш болып суретке түсіргендердің бірі. Жергілікті биліктен тарихи сәulet өнерінің белгісі саналатын зиратты қорғауға алуды сұраған да осы ғалым. Бірақ ескерткіш 1925 жылдан опырыла бастап, өткен ғасырдың ортасына таман толығымен жойылған. Исламға дейінгі түрік сәulet құрылышы үлгісімен салынған нысаннан сәл бері куре жолға жакын салынған қазіргі кешен 1980 жылы бой көтерді. Жол үстіндегі жолаушының көзіне алыстан шалынатын ескерткіш авторы сәuletші Бек Ибраев болса, келушілерге анық естілетін қоғыздың

қоңыр үнін стелла ортасына 40 тұтік орнату арқылы физик-акустик Совет Исадаев ойлап тапқан.

Екімұңыншы жылдардың басында кешенде музей ашылып, оғыздар дәуірінен хабар беретін жәдігерлер жинақталды.



– Қазір музейде Қорқыт өмір сүрген Жанкент қаласынан, сақтар мекені Шірік-Рабаттан табылған жәдігерлер тұр. Қазба жұмыстары кезінде асарлардан шыққан біраз мүлік те осында. Мынау сақтар заманындағы адамның антропологиялық бейнесін атақты ғалым Михаил Герасимов жасаған. Садақтың кірісі білекті қажамас үшін жасалған барыс бейнелі мына жарақ та көне қалалар орнынан табылған құндылық, – дейді музей қызыметкери Мағауия Әлиев.

Соңғы жаңғырту жұмыстарында мұнда 18 тақтатас қойылыпты. Болашақта оларға түркітілдес халықтар тілінде Қорқыт нақылдары таңбаланбақ. Баба мұрасын ұлықтау мақсатында 3 жылда бір өтетін «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық өнер фестивалі осы кешеннің 2 мың адам сиятын амфитеатрынан бастау алады.

Адамзат тарихында айрықша із қалдырған түркі жұртына ортақ тұлғаның мұрасын құрмет тұту бағытындағы бастамалар ізсіз кеткен жоқ. Осыдан 3 жыл бұрын Маврикий Республикасының астанасы Порт-Луисте өткен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі үкіметаралық комитетінің отырысында Қорқыт ата мұралары тізімге алынды.

Соңғы жылдар бедерінде өнірдегі көне қалалар біршама зерттелді. Қазақстанның ортағасырлық кезеңінен дерек беретін Жанкент қалашығын «Халықаралық Жанкент археологиялық экспедициясы» зерттеп келді.

Археолог, тарихшы, остеолог, топырақтанушы, архитектор, геофизик секілді ғалымдардан құралған экспедиция жұмысының нәтижесінде қалашық аумағында аспанасты музейі ұйымдастырылды. Бұл бағытта Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжекеев жетекшілік ететін «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы мамандарының айрықша қызмет еткенін айта кеткен жөн.

Қазба арқылы көне қаладағы кейбір үйлердің орны қалпына келтіріліп, ежелгі кейпін қайта тапты. Үй тұрғындарының мүсіндері пайда болды. Көне шаһардағы үй-жайлардың, бөлмелердің жақсы сақталғандығы келешекте қалашық аумағында археологиялық парк қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Екімыңышы жылдардан бері ғалымдар оғыздар мекендеген тағы бір қалашықты құм астынан аршып алды. Жосалы кентіне жақын аумақтан анықталған қала орнын зерттеген мамандар қалашықтар тобына Ордазы деген атау беріп отыр. Арапары небәрі бір шақырымдай үш қалашықтың бір жерде орналасуы мұнда үлкен орталық болғандығын көрсетеді. Сапар барысында ғалымдар оғыз мемлекетінің кіші ордасы болуы мүмкін деп болжам жасаған осы көне қалалар орнында да болдық. 2017 жылы басталған археологиялық қазба жұмыстары 3 жыл тоқтаусыз жүргізіліпті.

– Ескерткіштің батыс қабырғасының 80, онтүстік бетінің 70 метрі ғана сақталған, – дейді аудандық тарихи-өлкетану мұражайының ғылыми қызметкери Әзірбек Бақтыбаев. – Солтүстік, шығыс қабырғаларын толығымен арнасы ауысқан дария су шайып, құнды қазына қайранға айналып кеткен. Кешіге берсек, оғыз дәуірінің баға жетпес мұралары толығымен су астына кеткелі тұр.

Топырақ қабаты мен табылған жәдігерлерге қарап мамандар VIII-X ғасырларда болған деп отырған Ордазы Қорқыт ата қорымына ең жақын қалашықтар тобы. Қорқыт ата кешені – Жосалы – Сортебе бағыттары бойынша туристік маршрут енгізілсе, көненің көзі көпшіліктің көзайымына айналар еді. Қалашықтағы археологиялық қазба жұмыстары арқасында Қорқыт баба заманындағы халықтың тұрғын үйлері, тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін мәлімет молая тұсті.

Зерттеуде мамандар жаратылыстану ғылымдарының әдістерін де кеңінен қолданған Литваниң Вильнюс университеті зертханасына жіберілген сараптамалар ескерткіштің нақты мерзімін анықтауға мүмкіндік берді. Ал қалашық маңындағы қорымнан табылған адамның қаңқасы Алматыда орналасқан Жалпы генетика және цитология институтының популяциялық генетика зертханасында зерттелуде.

### **Көкілташтың көшірмесі**

Бұл құнгі сапарымыз Сыр бойындағы ахундар мектебінің көрнекті өкілі Қалжан ахун медресесінде күрмелді. Хиуа қаласында 1862 жылы өмірге келген Қалжан Бұқарарадағы әйгілі Көкілташта оқиды. Орта Азиядағы іргелі оқу орнын жиырма жеті жасында тәмамдаған ол шаригат және заң саласына қоса

философия, астрономия, математика, биология ғылымдарын тауыса оқып, шаруашылық басқару ісін игеріп шығады. Ораз ахунның шақыртуымен Сырға келген Қалжанның балаларды оқытумен қатар өзен жағалауына бау-бақша егіп, жүртты отырықшылыққа баулыған еңбегі әлі ел аузында жүр.

Қалжан ахун салдырған бұл ғимарат оңтүстік өнірде Әппақ ишан, Қар-нақ медреселерінен кейінгі білімге сусаған елдің көзін ашқан, рухани орталық болған. Әйгілі Көкілташтың үлгісі бойынша салынған медресе құрылышы 1902 жылдан бастау алады. Жобасы Бұқарада жасалған ғимаратты салуға жүрт жұмылышты. Құрылыш ахунның қайтыс болғанынан кейін 6 жыл өткенде, яғни 1922 жылы толық аяқталады.

Тоқсаныншы жылдардың басында медресе ауласын қоршалып, дүркін-дүркін жүргізілген реставрациялық жұмыстар нәтижесінде құлауға айналған құнды ғимарат біршама қалыпқа келді. Ендігі мәселе оның іргесіндегі ахунның мазарына мән беруде болып тұр. 1916 жылдың жазында Жалағашта ораза ке-зінде сәждे үстінде үзілген ахунды жүрт көтеріп әкеліп, медресе жанындағы өзі салдырған мешіт ауласына жерлейді. Қазір сол қорым қараусыз тұр. Бар өмірін Қалжандай қайраткердің өмірін зерттеуге арнаған жергілікті өлкетанушы Жәнібек Маханбетов ғұламаның мәңгілік мекенін іздең келгендердің көбі осы көрініске қынжылып кететінін айтады. Медресе мен қорым аясындағы жалғыз аяқ жолды дұрыстау туралы да мәселе көтеріл-генімен әлі шешімін таба қойған жоқ.

**«О, Сығанақ, қакпаларының шаңын сүйіп жылар ем...**



Топырағын түртіп қалсаң көне заманың бір беті ашыла кететін Жаңақорған ауданында респубикалық маңызы бар 6 тарихи орын бар. Солардың басында ғалымдар VI-XVIII ғасырлар аралығында гүл жайнаған қала болған деген байлад жасаған Сығанақ тұр. Өз заманындағы озық орталық болған шаһар бір емес, бірнеше рет күйрекен. Бірақ ежелгі аңыздағы күлден жаратылатын феникс құстай қайта бой тіктең отырыпты. Қай кезең деректерінде де Сығанақ тыныш өмірдің, береке мен байлықтың бесігі ретінде суреттеледі.

Осы қалада он үшінші ғасырда өмір сүрген Шамсудин Сығнақи жазды дейтін:

«*O, Сығанақ,*

*Қақпаларыңның шаңын*

*сүйіп жылар ем,*

*Қайта тусам,*

*Сығанақта туар ем», –*

деген өлең жолы да шежірелі шаһардың шадыман келбетін көз алдыңа әкеледі. Баяғы деректерде аты бар қала орнына 1868 жылы алғашқы барлау жұмыстарын жасаған ғалым П.И.Лерх. Одан біраз кейін Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің белсенді мүшесі, генерал-майор В.А.Каллаурдың Сығанақ қаласы туралы еңбегі жарық көреді. Қала туралы мәліметтер мен біршама сақталған ғимараттар сұлбасы А.Якубовскийдің еңбектерінде де кездеседі. 1947 жылы көрнекті ғалым А.Н.Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан экспедициясы қаланы зерттеуге кіріседі. Осы топ құрамындағы Е.Агеева, Г.Пацевичтер қала іргесі IV-V ғасырларда қаланған деген болжам жасайды. Әткен ғасырдың 70-жылдары қалаға топографиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген Отырадар археологиялық экспедициясының мамандары ортағасырлық шаһар Дешті Қыпшақ даласындағы Отырадардан кейінгі атақты екінші қала болған деген байламға келеді.

Тәуелсіздіктен кейінгі зерттеу жұмыстары Елбасы бастамашы болған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізілді. 2003 жылдан бастап қалаға ғалым Сейдін Жолдасбековтің жетекшілігімен Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінің «Археология» ғылыми-зерттеу орталығының археологтары қазба жұмыстарын жүргізуде.



Бізді осы шаһар орнынан Жаңақорған аудандық өлкетану музейінің мамандары, тарих тәбәрігіне жанашыр жергілікті тұрғындар күтіп алды. Аудандық өлкетану музейінің қызметкері Бақдәulet Тәждинов Сыр бойындағы 4-5 шаһарда ғана теңге сарайы болғанын айтады. Соның бірі осы Сығанақ. Шаһарда 1320 жылдары соғылған теңгелер Санкт-Петербургтегі

Эрмитажда тұр. Жергілікті нумизматтардың да қолында жинақталған біраз құнды дүниелер бар. Ежелгі Қыпшақ мемлекетінің орталығы болған қала Жошы хан жорығынан кейін күйреп, ұзақ уақыттан кейін қайта жандана бастайды. Кейіннен Ақ Орданың астанасына айналған шаһардың бәз-баяғы дәурені қайта оралғандай болады. Қаланың Орда Ежен, Ерзен хан, Мұбәрак қожа хан мен Ұрыс хан тұсында гүлдене тұскені туралы дерек көп. Сығанақ бізге Қазақ хандығының алғашқы астанасы ретінде де қымбат.

Біз барғанда Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті Археология ғылыми-зерттеу институтының мамандары қазба жұмыстарын жүргізіп жатыр екен. Жетекші археолог, PhD доктор Бақдәulet Сыздықов 20 жылға жуық зерттеудің нәтижесінде шаһардың мәдени қабаттары белгіленіп, ғылыми айналымға енгізілгенін айтады.

– Тарихқа болжам жүрмейтінін білесіздер ғой. Табылған жәдігерлерге қарап, қала XIII ғасырдың соны мен XIV ғасырдың басында пайда болған деп отырмыз. Шаһар «жасы» одан да әріден басталуы мүмкін, – дейді ол.

Ел ішінде тарихты түгендеп жүретін, өткеннен өнеге терген жүрт көп екен. Экспедиция барысында соған көзіміз жетіп, көңіл тоғайды. Сапарды осы арадан түйіндеп, Түркістан облысының шекарасына бет алдық. Қос облыстың түйіскең жеріндегі ежелгі Сауран қаласының тұсында бізді халықаралық «Алаш» және «Түркі әлеміне қызмет» сыйлықтарының лауреаты, танымал жазушы Мархабат Байғұт, К.Симонов атындағы халықаралық әдеби сыйлығының иегері, ақын Нармахан Бегалиев, Сауран ауданының әкімі Ғани Рысбеков пен Түркістан облыстық қогамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Дінмұхамед Жақыпбеков, республикалық «Egemen Qazaqstan» газетінің Түркістан облысындағы тілшісі Ғалымжан Елшібай бастаған топ қарсы алды. Дәстүрге сай дәм-тұз ұсынып, жазушы Мархабат Байғұт біздің топқа «Түркілер төрі Түркістан» кітабын тарту етті.